



Uluslararası Beşeri Bilimler ve Sanat Dergisi

International Journal of Humanities and Art

<http://www.trkdergisi.com>

Araştırma Makalesi / Research Article

e-ISSN:2757-6388

trk dergisi

2024

5(1):63/73

Geliş Tarihi / Receive : 10.02. 2024

Kabul Tarihi / Accepted : 01.07. 2024



Dünya Dillerinde Lexema "Ana" Kelimesinin Gramatik Ve Anlam
Benzerlikleri Ve Farklılıkları

Grammatical And Meaningal Similarities And Differences Of The
Lexema "Mother (Ana)" In Languages Of The World

Kalimatova Aknur Jeniskyzy

Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov, Faculty of
Multilingual education

kalimatova1@mail.ru

0009-0006-1384-8264

Atıf/Cite as: JENISKYZY, K. A. Әлем Тілдеріндегі «Ана» Лексемасының
Грамматикалық Және Мағыналық Ұқсастықтары Мен Өзгешелігі. *Trk
Dergisi*, 5(1)

İntihal /Plagiarism: Bu makale, en az iki hakem tarafından ve bir intihal
programında incelenmiş intihal içermediği teyit edilmiştir. / This article has
been reviewed by at least two reviewers and in a plagiarism program
and has been confirmed to be free of plagiarism.

ÖZET

Diller arasındaki kültürlerarası iletişim ve hatta birbirleriyle tamamen ilgisiz olduğu kabul edilen dünya dillerindeki bazı dilsel figürlerin ve gerçek dilsel gerçeklerin benzerliği, dünya çapındaki muhabir bilim adamlarının sürekli ilgisini çeken ve sıklıkla araştırılan bir yöndür. analiz. Dilbilimde karşılaştırmalı çalışmalar yaparak, her milletin kültürünü tanıyarak, diller arasındaki sözcüksel-gramer benzerliklerini, farklılıkların hangi düzeyde ve hangi bireylerde olduğunu tanıma konusunda büyük bir fırsata sahibiz.

Dünyadaki muhabir bilim adamlarının ilgisini çeken, kökleri eski çağlara dayanan, hem gramer hem de sözlük anlamını bir araya toplayan bir hece (makbuz) yardımıyla "anne" sözlüğü üzerinde durmayı uygun gördük. Makbuz teorisi, muhabir akademisyenlerin çoğuna hâlâ yabancı olan yeni bir konudur. Bugüne kadar bölünemeyen ve daha fazla bölünemeyen kök kelimeler olarak kabul edilen dil formlarımızın daha da bölünebileceğinin belirlenmesi dilbilimde büyük bir yenilikti. Ancak elli yılı aşkın bir süredir bu konuyu araştıran ve bu konuyu ortaya koyan profesör B. Sagindykuly'nin "Modern Kazak Dili" adlı çalışmasının rehberliğinde "anne" sözcük biriminin eski çağlardan bu yana dilsel ve tarihsel değişimlerini analiz etme fırsatı bulduk. Kazak bilim adamlarından temel analizler.

Analiz sırasında Türk halklarının dillerinde bulunan vurgu ve eksilti gibi olguların oluştuğunu ve sabitlendiğini fark ettik. Bu doğrultuda yaptığımız araştırmalar, dünya dillerinde "anne" dilsel kişinin hem kökeninin hem de kişinin benzer olduğunu hemen fark etti. Ancak her milletin coğrafi, ekonomik ve dilsel özelliklerinden dolayı zamanla *nana-mama-ama-eme-ana-anna-enne-ene-ine biçimlerine dönüşmüştür.

Kazakça, Türkçe, Kırgızca, Moğolca, Tunguz-Mançurya, Karakalpak, Tatarca, Altay, Çuvaş, Hakas, Balkar ve Tuva dillerinin yanı sıra Hint-Avrupa ve Orta Asya ülkelerinin dil olgularına da çalışmamızda yer verilmiştir. Tüm dünya dillerinde ortak olan kökteki aynı sözcükbirim "ana" boyunca korunan ve her dilde farklı bir karakterle güncellenen fonomorfo-anlamsal değişiklikleri sınıflandırıp değerlendirdik.

Anahtar kelimeler: "Arşillable", "Makbuz", Dünya Dilleri, Sözcük Birimi "Ana", Anlambilim.



**Dünya Dillerinde Lexema "Ana" Kelimesinin Gramatik Ve Anlam
Benzerlikleri Ve Farklılıkları**
(Grammatical And Meaningal Similarities And Differences Of
The Lexema "Mother (Ana)" In Languages Of The World)

GRAMMATICAL AND MEANINGAL SIMILARITIES AND
DIFFERENCES OF THE LEXEMA "MOTHER (ANA)" IN LANGUAGES OF
THE WORLD

Abstract

Intercultural contact between languages and even the similarity of certain linguistic figures and specific linguistic facts in world languages, which are recognized as completely unrelated to each other, is a direction that arouses the constant interest of corresponding scientists around the world and is often criticized. analysis. By conducting comparative studies in linguistics, getting acquainted with the culture of each people, we have an excellent opportunity to identify lexical and grammatical similarities between languages, as well as at what level and among which individuals there are differences.

We considered it appropriate to dwell on the lexeme "mother (ana)", which aroused the interest of world correspondent scientists, with the help of an archilog (recipe), which has its roots in ancient times and collects both grammatical and lexical meaning. Receipt theory is a new topic that is still unfamiliar to most correspondent scholars. A big innovation in linguistics was the determination that our language forms, which are still considered root words that cannot be divided and divided further, can be divided further. However, we had the opportunity to analyze the linguistic-historical changes in the lexeme "mother (ana)" since ancient times, guided by the work "Modern Kazakh Language" by Professor B. Sagindykuly, who studied this issue for more than fifty years and made a fundamental analysis of Kazakh scientists.

During the analysis, we also noticed when such phenomena as stress and elision were formed and stabilized in the languages of the Turkic peoples. Our research in this direction immediately noticed that both the root and the person of the linguistic personality "mother (ana)" are similar in the languages of the world. However, due to the geographical, economic and linguistic characteristics of each people, over time it changed to the forms *nana-mama-ama-eme-ana-anna-enne-ene-ine.

In addition to the Kazakh, Turkish, Kyrgyz, Mongolian, Tungus-Manchurian, Karakalpak, Tatar, Altai, Chuvash, Khakas, Balkar, Tuva languages, linguistic facts of Indo-European and Central Asian countries were also included in our study. We classified and examined



phonomorphosemantic changes that were preserved in the lexeme "mother (ana)" of a root common to all languages of the world and were updated with a different character in each language.

Key words: «Archsyllable», «Receipt», World Languages, "Mother (ana)" lexeme, Semantics.

ӘЛЕМ ТІЛДЕРІНДЕГІ «АНА» ЛЕКСЕМАСЫНЫҢ
ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МАҒЫНАЛЫҚ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ МЕН
ӨЗГЕШЕЛІГІ

Түйіндеме

Дүние жүзі бойынша тілші ғалымдарды үнемі қызықтыратын, әрі жиі талдау нысанына ілігетін бағыт - тілдер арасындағы мәдениатаралық байланыс, тіпті, бір-біріне мүлде байланысы жоқ деп танитын әлем тілдеріндегі кейбір тілдік тұлғалардың, нақты тілдік фактілердің ұқсастығы. Тіл білімінде салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулер жүргізу арқылы әр халықтың мәдениетімен таныса отырып, тіл-тілдегі лексика-грамматикалық ұқсастықтарымен қатар, айырмашылықтарының қай деңгейде, қай тұлғаларда екенін тануға да көп мүмкіндік аламыз.

Зерттеу жұмысымызға өзек болған «ана» лексемасына әлемдік тілші ғалымдардың қызығушылығын тудырған, көне замандардан тамыр тартып, грамматикалық та, лексикалық та мағынаны бойына жинайтын архесилаб (түбіртек) арқылы тоқталуды жөн санадық. Түбіртек теориясы - тілші ғалымдардың көпшілігіне әлі де таныс емес, тың тақырып. Күні бүгінге дейін бөлуге, одан әрі бөлшектеуге келмейтін түбір сөз деп танып жүрген тілдік формаларымыздың өзін одан әрі де бөлшектеуге болатынын анықтау тіл білімінде ірі жаңалық болды. Дегенмен, қазақ ғалымдарынан осы мәселені елу жылдан астам зерттеп, іргелі талдаулар жасаған ғалым, профессор Б.Сағындықұлының «Қазіргі қазақ тілі» еңбегін басшылыққа ала отырып, «ана» лексемасының ежелгі дәуірлерден бергі тілдік, әрі тарихи өзгерістерін талдауға мүмкіндік алдық.

Талдау барысында түркі халықтарының тілдерінде кездесетін *екпін*, *елизия* секілді құбылыстардың межемен қай уақыттарда қалыптасып, тұрақталғанын да байқадық. Осы бағытта жасаған зерттеулеріміз әлем тілдерінде «ана» тілдік тұлғасының түбірі де,



Dünya Dillerinde Lexema "Ana" Kelimesinin Gramatik Ve Anlam
Benzerlikleri Ve Farklılıkları
(Grammatical And Meaningal Similarities And Differences Of
The Lexema "Mother (Ana)" In Languages Of The World)

тұлғасы да ұқсас болып келетінін бірден байқатты. Дегенмен, әр халықтың географиялық, экономикалық, әрі тілдік ерекшеліктеріне байланысты уақыт өте келе *нана-мама-ама-еме-ана-анна-енне-ене-ине формаларына ауысқан.

Қазақ, түрік, қырғыз, моңғол, тұңғыс-манжур, қарақалпақ, татар, алтай, чуваш, хақас, балқар, тува тілдерімен қатар, үндіеуропа, орта Азия елдерінің тілдік фактілері де зерттеу нысанымызға алынды. Барлық әлем тілдеріне ортақ түбірдің бір ғана «ана» лексемасының бойында сақталып, әрі әрбір тілде өзгеше сипат алып жаңарған фоно-морфо-семантикалық өзгерістерді жіктеп, қарастырдық.

Тірек сөздер: «архесиллаб», «түбіртек», әлем тілдері, «ана» лексемасы, семантика.



Кіріспе

Тіл білімінде күні бүгінге дейін тек тілші ғалымдарды емес, тұтас адамзат қоғамын толғандырған «әлемдегі барлық тілдер бір негізден пайда болды ма, әлде бірден әртүрлі қалыпта тарады ма?» деген даулы сұрақ бар.

Тілдің осы бір мәселесін қарастырған бірқатар зерттеушілер көрнекті ғалым Ф.Энгельстің «дүние жүзінде қолданылып жүрген барлық тіл бірнеше диалектіден тараған» деген пікірін қолдайды және ең дұрыс шешім деп біледі. Ал зерттеулері мен тұжырымдары бөлек нострат теориясын ұстанушы шағын тілшілер тобы, дүниежүзіне танымал академик Н.Я.Марр секілді кейбір жеке зерттеушілер «әлемдегі барлық тіл бір ғана негізден шыққан» деген ұстанымды алға тартады.

Осы мәселені қазақ тілі лексикологиясын елу жылдан аса зерттеп, қазақ тіл ғылымына елеулі үлес қосқан профессор Б.Сағындықұлы тереңінен талқылаған болатын. Зерттеулер нәтижесінде барлық тілдерде кездесетін *сөз тіркесі, фонема, морфема* секілді тілдік бірліктермен деңгейлес «архесиллабтың» болатыны анықталды. Барлық тілдің түбі мен тегі деген уәжіне сай бұл терминге қазақшалап «*түбіртек*» деген атау берілді. Дегенмен барша ұлтқа, шетелдік ғалымдарға түсінікті болу мақсатында архесиллаб халықаралық термині жиі қолданылып жатады.

Кез келген дыбыстық комбинацияда болса да, архесиллаб бір дауысты дыбыс пен бір дауыссыз дыбыстан құралып, не лексикалық, не грамматикалық тұтас мағынаны бере алады. Әлі күнге дейін бөлуге, бөлшектеуге келмейтін түбір сөз деп танып жүрген тілдік тұлғаларымыздың өзін одан әрі де бөлшектеуге болатынын білу тіл біліміне үлкен серпіліс әкелді. Қазіргі таңда түбіртектерді зерттейтін болсақ, олардың тілдерде жартыланып, сыңарынан айырылып не мүлде бастапқы формасынан айырылып қалғанын байқаймыз. Этимологиямен көп жыл айналысып, әр тілдік деректерді нақты фактілермен дәлелдейтін арнайы зерттеуші мамандар ғана оларды дәл тауып, анықтамаса, қарапайым адамның бірден тануы да, табуы да екіталай мәселе.

Біз бұл мақаламызда әлем тілдерінің бәрінде дерлік ұшырасып, бастапқы тұлғасын сақтаған бірқатар сөздер тобы - туысқандық атауларды мысалға ала отырып, әле тілдеріндегі, соның ішінде әсіресе,



**Dünya Dillerinde Lexema "Ana" Kelimesinin Gramatik Ve Anlam
Benzerlikleri Ve Farklılıkları**
(Grammatical And Meaningal Similarities And Differences Of
The Lexema "Mother (Ana)" In Languages Of The World)

түркі тілдеріндегі «ана» лексемасының өзгешелігі мен ұқсастықтарын талқылаймыз.

Бүгінгі күні Еуропа мен Ресейде қолданылып, «әке» мағынасын беретін «*папа*» сөзі кезінде әке сөзінің де, ана сөзінің де орнына бірегей қолданылатын болған. Іргелі ғалым, зерттеуші Э.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі» (Этимологический словарь тюрских языков) атты еңбегінде папа сөзіне дәл осындай анықтама берілген. Бұл тілдік тұлға алдыңғы дауыссыз дыбысын жоғалтып, түркі тілдеріне «*ана*» тұлғасында енді, әрі семантикасы жынысқа сай жіктелмей, атау ер мен әйел үшін бірдей қолданыста жұмсалды. Бірнеше жылдар өткесін «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде» бұл атаудың ер адамдарға қатысы жоқ, тек әйел адамдарға қатысты атау екені көрсетіліп, *а) сәбидің туған анасы, б) бірге туған қыз баланың үлкені* деген деректер келтірілген. Дәл қазіргі қазақ тілінде де осы мағынасынан ауытқымаған. «Папа» тұлғасындағы алғашқы дауыссыз дыбыстың түсіп қалуы, түркі тілдеріндегі екпін мәселесіне қатысты деуге болады, себебі, ежелге дәуірлерде екпін алдыңғы буынға түсіп отырса, бертін келе түркі тілдерінің жеке ережелері қалыптасып, грамматикасы өзгешеленіп, екпіннің рөлі де, орны да өзгеріске ұшыраған. Тарихи негіздерге сүйенсек, түркі тілдерінде алғашқы дыбысы элизияға ұшыраған сөздерге мысалдар жетерлік: *тоғул>оғул>ул, тоғуш (туыс)>оғуш, қадым>адым, хайуан>айуан, бол>ол, жұбан>уан* т.б. Бұл заңдылық тек түркі емес, барлық әлем тілдеріне тән десек қателеспейміз.

«Папа» деген алғашқы нұсқа бірте-бірте ұяң формаға ауысып, «баба» тұлғасына айналғанда кейбір тілдерде ер адамға қатысты семасын жойып, әйел адамға байланысты атауыш сөздер қалыптасқан. Қазіргі күні орыс тіліндегі әйел мағынасын беретін «*баба, бабушка*» тілдік тұлғалары дәлел бола алады. Ал кейбір тілдерде керісінше, бұл сема әлсіреп, ер адамға қатысты тұлға сақталып қалған. Иран, түрік тілдерінде «*баба*» сөзі әке мағынасын берсе, қазақ әдеби тілінде «әкенің әкесі», «арғы аталарымыз» деген мағынадағы *ата-баба* формасында қолданыста қалды.

Папа формасынан қалыптасқан апа вариантының ұяң нұсқаларынан жуан және жіңішке түрдегі *аба, ебе* деген екі тұлға пайда болды. Бұл тұлғалар көрнекті ғалым Э.Севортянның көрсетуінше тұңғыс-манжур тілдерінде «ана», «әпке» мағыналарын білдіреді. Түркіше рең алған *атпа* деген форма да бар. Бұл ерекше нұсқа - балқар,



түрік, татар тілдерінің жекелеген диалектілерінде ғана ұшырасатын сирек құбылыс. Кейбір дыбыстардың қосарланып келуі барлық тілдерде кездесетін заңдылық. Мәселен, әлемге аты танылған Қожа Ахмет Йасауиді, коммуникативті қолданыста Йассауи деп өзгертетіміз бар.

Апа атауы белгілі бір замандарда екеч (кіші) сөзімен тіркесіп те қолданылып, апа екеч, яғни, кіші апа деген мағынада жұмсалған. Ч дыбысы элизияға ұшырап, одан жуанды-жіңішкелі *атаке, теке* формалары қалыптасқан. Қазіргі қытай қазақтарының тілдік қолданысынан әпеке нұсқасын көре аламыз. Ал қазіргі қазақ тілінде *әтке* нұсқасы тұрақталған.

Профессор Б.Сағындықұлы Еуропа, Ресей тілдеріндегі **папа** формасындағы әйел адамға қатысты семаның ығыстырылуы ол тілдерде кейінірек **нана** (ана) атауының пайда болуына байланысты деп таниды. Бұл сөз орыс тілінде ананың міндетін атқарушы адам – *няня* түрінде қолданысқа енді. Осылайша, тарихи даму барысында *н* дыбысы *м* дыбысына ауысып, жаңаша атау пайда болады. Мысалы, көне түркі тіліндегі *унутмақ* (забывать) – қазақ тілінде *ұмытпақ*; көне түркі тілінде *тонуз* – түрік тілінде *домуз*; көне түркі тілінде *көңләк* – түрік тілінде *гөмләк*; қазақ тілінде *менің* – татар тілінде *миним* сөздері осы тұжырымымызға дәлел бола алады. «Ұсыну» мағынасын білдіргенде жұмсалатын қазақ тіліндегі «**мә**» түбіртегі орыс тілінде «**на**» түбіртегімен мәндес, мағыналас. Дәл осындай дәлелді фактілер **нана** атауынан **мама** (ана) атауының пайда болғанын көрсетеді.

Хорезм ақыны Рабғузидің XIV ғасырда жазған іргелі туындысы «Қиссас-ул Анбийада» мынадай тармақ кездеседі: «Адам алайһи с-саламның *мама* Хауамен дауласып, кейін табысқаны». Бұл жолдар «*мама*» сөзінің тек үндіеуропа елдерінде емес, түркі жұртшылығында да қолданыста болғанын көрсетеді.

Халқымыз «әйелдің баланы қоректендіретін, сүт шығатын мүшесін – емшекті» **мама** деп атайды. Бұл сөз «*мә, мә*» деп мамасын ұсынған ананы бірден көз алдымызға келтіреді. «*На, на*» деп емшек берген славяндық аналар да осы тәріздес.

«Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: ««Папа» атауының **апа** түрінде қалыптасқаны сияқты, **нана** атауы да түркі тілдерінде алғашқы дыбысын жоғалтып, **ана** (туған шеше) формасында қалыптасқан. Варианттары – *ана, ама, еме, ене, ине* барлық түркі



**Dünya Dillerinde Lexema "Ana" Kelimesinin Gramatik Ve Anlam
Benzerlikleri Ve Farklılıkları**
(Grammatical And Meaningal Similarities And Differences Of
The Lexema "Mother (Ana)" In Languages Of The World)

тілдерінде кездеседі» - деп келтіріледі. Тунғыс-манжур тілінде *ене*, моңғол тілінде *еме* нұсқалары да кездеседі. Саралағанда, тарихи даму барысында фоно-морфо-семантикалық жағынан алшақтаған **нана-мама-ама-еме-ана-анна-енне-ене-ине* формалары қанша өзгеріске түскенімен, өзара сабақтастығын, әлем тілдеріне ортақ түбірін бойында сақтаған.

Қазақ тіліндегі *ана*, *ене* сөздері *ана* мағынасына жуықтағанымен, мағыналық өзгешелігі де бар. Бірнеше түркі тілінде *ана* немесе *ене* сөздері ортақ мағынада қолданылса, қазақ тіліндегі *ене* сөзі қандық емес, некеден болған туысқан мағынасында кездеседі (жұбайлардың аналары). Ал алтай, қарақалпақ, қырғыз тілдерінде *эне*, чуваш тілінде *анне* «ана» мағынасында болса, тува тілінде *эне* «тәте» мағынасында, *эней* «әже» мағынасында, хақас тілінде *ине* «ұрғашы», *иней* «кемпір», «әйелі» мағыналарында кездеседі. Мысалы, көрнекті ғалым Э.Севортян *ене* сөзінің қазіргі түркі тілдеріндегі мағынасын «ана», «сыйлы әйел», «әже», «тәте», «тәрбиеші», «малдың енесі», «ұрғашы мал», «бір заттың негізі, басы» түрлерінде жіктейді.

Монғол тілінде «ана» мағынасында *эх(е)* сөзі қолданылады. *Эхе* сөзінің айырмашылығы тек адамға емес, жан-жануарларға байланысты да қолданылады. Бұл нұсқа қазақ әдеби тіліне де күңгірттеніп жеткен. Қазақ тіліндегі «*енесіне асыққан құлындай*» деген тіркесте де *ене* «құлынның анасы» мағынасында қолданылып тұр. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *ене* сөзінің «бала тапқан ана», «шеше» мағынасын ауыс мағынасы деп көрсеткен. Ал дұрысы — бұл оның о бастағы мағынасы болса керек.

Эне сөзі тунғыс-манжур тілінде де бар. Оларда бұл сөздің *эни/эне/эन्नэ/энике/эниэнэ* формалары қолданылады да, мағынасы «ана», «апа», «әже» сөздерімен тең түсіп жатады. Ғалым-зерттеуші В.И.Цинциус монғол тілдеріндегі *эмэ*, *энэ* сөздері мен *экэ(эхэ)* сөздерін түбірлес сөздер деп таниды.

Саралай келгенде, «ана» лексемасының барлық әлем тілдерінде түбірі де, тұлғасы да ұқсас болып келетінін бірден байқауға болады:

- *mom, mommy, mum, mummy, ma, mam, mammy, maа, амаа, mata* — ағылшынша және оған бауырлас тілдер;
- *māma* (妈妈/媽媽) — қытайша;



- máma — чех тілінде;
- maman — французша және парсы тілінде;
- maadar — дари тілінде;
- մայր [mɑjɪ] — армян тілінде;
- ана — казакша;
- mamma — итальянша және исландша;
- mãe — португалша;
- ema — эстон тілінде;
- má или mẹ — вьетнамша;
- mam — валлий тілінде;
- eomma (엄마, IPA: ʌmma) — корейше;
- matka — поляк тілінде;
- madre — испанша;
- matrice — албанша;
- modor — ескі ағылшын тілінде;
- mathrin — ескі ирланд тілінде;
- matr — санскрит тілінде.

Қорытынды. «Ана» лексемасының әлем тілдеріндегі мағыналық, әрі грамматикалық ерекшеліктерін саралай келе, әлем халықтарының фактілеріне сүйендік. Тілдер арасындағы ажырамас байланыс, тіл біліміне мәдениетаралық байланыс пен тілдік деректердің мәдени концептілерін теліп қоятынына көзіміз жетті. Өз бойында талай ғасырлардың деректерін сақтаған «ана» лексемасы әлем тілдерінің тілдік байланысын көрсете алатын құбылыс бола білді.



Dünya Dillerinde Lexema "Ana" Kelimesinin Gramatik Ve Anlam Benzerlikleri Ve Farklılıkları
(Grammatical And Meaningal Similarities And Differences Of The Lexema "Mother (Ana)" In Languages Of The World)

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақ тілінің тарихы. Б. Сағындықұлы. - Алматы: «Қазақ университеті», 2011. – 145 б.
2. Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тілі. - Қарағанды: «Санат-Полиграфия» ЖШС, 2009. – 135 б.
3. Историческое развитие лексики тюркских языков. - М.: Изд-во АН СССР, 1961. – 466 с.
4. Тұрсынова М.А. Түркі тілдерінің дыбыс жүйесі. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. – 6-б.
5. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. - Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.
6. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. - Алматы: DPS, 2011.

